

А.Н.Мұқанова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: arna.nm@mail.ru)

## XX ғ. 70–80 жылдарындағы қазақ ауылы: күнделіктілік тарихы

Мақала 70–80 жж. қазақ ауылдарындағы күнделікті өмірді зерттеуге арналған. Автор деректанулық мәліметтерді егжей-тегжейлі зерттеуге сүйеніп, қазақ ауылдарының күнделіктілік мәселелерін қарастырудың жаңа бағытын ұсынды. Сөйтіп, тақырыптың өзектілігі айқындалды, мақсат және міндеттері қалыптасты, территориялық және хронологиялық шеңберлері анықталып, мақаланың әдіснамалық негізі ашылды. Аталмыш жұмыста тақырыптың ғылыми жаңашылдығына қысқаша талдау беріліп, деректанулық базасы сипатталды.

*Кілт сөздер:* ауыл, кеңестік заман, күнделіктілік, күнделікті өмір, қазақ, ұлт, мәдениет, шаруашылық, тұрмыс, әдістер.

### Кіріспе

Ауыл тарихы — қазақтар этнографиясында тұтастай зерттелмеген тақырып. Ауыл тарихын күнделіктілік тарихының әдіс-тәсілдеріне сүйеніп зерттеу тиімді, әрі өзекті. Ең бастысы, ауыл тұрғындарының күнделікті өмірі, тыныс-тіршілігі бірінші орынға шығу керек. Яғни кеңестік ауылдың әлеуметтік, экономикалық, саяси орны, ауыл тұрғындарының заман оқиғаларына деген көзқарасы, ара қатынасы, айналысқан жұмыс түрлері, күнделікті тұрмысы, нәтижесінде ұлттық құндылықтардың шеткі аймақтарда сақталуы немесе әрі қарай дамуы, өзгеруі зерттелуі қажет.

Зерттеу алдынан деректер қорын анықтап алу маңызды. Тақырып бойынша дәстүрлі деректерден: *эго-құжаттар*: биографиялар, мемуарлар, күнделіктер, хаттар, *интервью* алу арқылы ақпарат берушілер мәліметтері, *мерзімдік басылымдардағы* әр түрлі мазмұндағы мәліметтер, *санақ деректері*, *халық фольклоры*: халық афоризмдері, мақал-мәтелдер, әр түрлі мекеме, ұйымдардың *мұрағат қорларындағы құжаттар*, *кеңестік өнер*: суреттердегі көріністер, портреттер, *фотосуреттер*: журналдардағы фотосуреттер маңызды; сондай-ақ күнделікті тұрмыстық заттай деректер: тұрмыс және еңбек заттары, «жұмыс орны археологиясы», «ауыл археологиясы» және т.б. зерттеу объектісі саналады. Аталған деректер күнделіктілікке нарративтік әдебиетте жоқ ақпараттарды береді. Жергілікті тарих деректерін ескеру тәжірибесі жазба деректер мен тарихи деректерді, яғни этнографиялық, заттай деректерді, тең дәрежеде зерттеу қажеттілігін көрсетіп отыр. Қажет деректер кешенін анықтап, іздеп тауып алу күрделі міндеттердің бірі. Сондай-ақ жоғарыда аталған деректер ақпараттық мазмұны жағынан тым жұпыны. Мұндай жағдайда деректерді зерттеудің қосалқы әдістерін анықтау қажет, әдіснамалық тәсілдерді шамасынша қолдану зерттеу жұмысы жандандыра түседі.

Деректанулық тұрғыдан ақпараттар сапалы талдау жұмысынан өтіп, қосалқы деректердегі мәліметтермен салыстырылады. Сондай-ақ зерттеу объектісі бойынша бұрын жазылған арнайы жұмыстар бірінші қатарда ескерілуі керек, мысалы, Ғ.Тоғжановтың «О казахском ауле» [1], «Казахский национальный аул», А.Тұрсынбаевтың «Казахский аул в терх революциях» [2], А.Қанапанның «Культура и быт казахского аула» [3] еңбектері аталмыш мәселе бойынша маңызды.

### Негізі бөлім

Ауыл әдебиетте: «... шығыс халықтарында, әсіресе ерте көшпелі, жартылай көшпелі өмір сүрген қазақ, қырғыз, түркімен, башқұрт, татар, қарақалпақ, алтай, кавказ (дағыстан), монғол, тағы басқа. елдерінде қоғамның белгілі бір әлеуметтік құрамы» [4; 581], ауыл дәстүрлі қоғамдағы елді мекен ретінде қазақ елінің ең төменгі әлеуметтік қауымы», — деп белгіленген. Ауылдың елді біріктіруші ретіндегі маңызы: «Ауыл түбі — бірлік, қауым түбі — тірлік», «аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген мақал-мәтелдерге негіз болған. Дегенмен, ауыл атауының шығу тегі мен мағынасындағы мәні, әрі қызметі жеке дара, егжей-тегжейлі зерттеліп, түсіндірілуі маңызды. Дәстүрлі қазақ қоғамынан бастау алатын ауыл Кеңес үкіметінің 70–80-жж., тұрақты даму шағында, заман талабы бойынша колхоз, совхоз, бөлімше (отделение) деп аталған; сондай-ақ этникалық,

этнографиялық, экономикалық және рухани жақтары біршама өзгерген. Ал түсіндірмелік энциклопедияларда кеңестік ауыл бірнеше түрге бөлінеді (төменірек көрсетілген), халық ауызында шалғай орналасқан елді мекендер «ауыл» аталып келеді.

*Этникалық жағынан* ауыл әрбір ру, тайпа ішінде аталастық, туыстық жақындығына қарай құралған. Ауылдың эволюциялық дамуымен бірге әлеуметтік кейпі өзгеріп отырған. Алғаш ет жақын аталастар ауыл бірлестігінің негізгі арқауы болғанымен, бері келе осындай аталас ауыл ішінде жекжат, жамағайын немесе әлсіз, тұрмысы нашар кедейлер де келіп кіріп қоңсы болған. Мұның соңғылары тіршілік қамы үшін бірін-бірі сауғалап, сүйеніш етіп отырды. Әдетте көшпелі ауыл бірнеше жеке-жеке үйлерден құралды, көлемі жағынан олар бес-алтыдан он-он бес шаңыраққа дейін жетіп және мал басына, жер көлеміне, суат мөлшеріне қарай ауылдағы үй саны бірде аз, бірде көбірек болып, көктем, жаз, күз айларында көшіп-қонып жүрген.

*Этнографиялық жағынан* ауыл үйлері алқа-қотан тігіледі, мал қоралау, өргізу үшін ауылдың бір жақ шеті ашық қалдырылады. Ауыл маңында міндетті түрде бұлақ немесе құдық, басында қауға, үлкен ағаш науа болды. Ауылдың көшіп-қонудағы басты мақсаты — мал тойындыру. Қоныс неғұрлым жиі аударылып, өріс жаңғырып отырса, мал соғұрлым күйлі, семіз, сүтті болды. Қазақ жылдың төрт маусымының өрісін сонылығына, суатының молдығына қарай — өре жимас, майқұйрық, балапан, көксала, кең қоныс, ақ бастау, егінді бұлақ, тоңаша, миялы, қопалы деп аталған. Көшпелі ауылдың арқасы жазылар шақ — көктем. Малы қыстан аман шығып, төлдеп, көкке аузы толғанда, шаруа негізгі азығы аққа тойынады. Осы арада келіп: «Қыс қысыл, жаз жазыл», — дейді. Жас төл аяктанып бойдақ мал қара құйрық болып, жылқы түлеп, қара тіл болғанда, түйенің өркешкомы толығып, қара қайысқа айналған кезде, көктеуден жайлауға қарай бет алатын «қозыкөш» басталады. Бай, ауқатты ауылдың жазғы көші сәнді, салтанатты келді. Жылқы көш алдында, қой мен сиыр соңында айдалады. Көш басында үлкен үй — қара шаңырақ артылған атан түйе, оған іркестіркес басқа түйелерге артылған жүк қаз-қатар жүреді.

*Экономикалық жағынан* ауылдың көшіп-қонуы, от-суы, қонысы, жайлауы, өрісі біртұтас болғанымен, әрбір үйдің жеке меншігінде, малы, үй-мүлкі мен ұсақ шаруашылығы болды. Сондай-ақ ауыл ішінде әрбір шаруаның малына, әл-ауқатына қарай қоғамда алатын орны да, тіршілік жағдайы да әр түрлі келді. Осыдан келіп, ауыл ішінде өзара: бай, орта шаруа, кедей, батырақ деген жікке бөліну туды. Әдетте ауылдар ру басы, ел билеуші ауыл иесінің атымен аталған. Ауылдың құрамында байдың 8, 12 қанат өз үйі (бәйбішесімен) — үлкен шаңырақ, ас үй, қонақ үй, кейде тоқаланың үйі жеке болады. Жиі әрбір әйелінің (тоқалдарының) үйі жеке ауылды құрап, мұнда жақын, жамағайындарының, қойшы-қолаң, жылқышы, түйеші үйлері қоныстанған. Бай немесе ауқатты қазақ (жуан) малды, әрі белгілі би немесе сұлтан-ақсүйек дәрежесінде, ауыл иесі саналған. Бай ауылдың малдары жеке-жеке отарларды құрап, малды кедейлер баққан. Сонымен қатар орташа дәрежедегі ауылдар бір көтеріліп көшуге, сатуға, өсімге малы бар ауқатты шаруалардан құралған. Ауыл тұтастығы бірігіп көшу, ас-сусынның ортақтығында ғана емес, түрлі шаруашылықты, яғни, қой тоғыту, жүн қырқу, киіз басу, пішен шабу сияқты тіршілікті атқаруда бір-біріне қол ұшын беруден тұрған. Кедей ауылдардың малы шағын, көшіп-қонуға ат көлігі кем болған соң, бір жерді тұрақтап, сартап саналған. Тіпті тап-тақыр жатақ ауылдары да кездескен, олар тозығы жеткен 20–30 түтіннен құралып, егін салумен айналысқан. Сондай-ақ XVIII ғасырда оңтүстік өңір кедей жатақтары бірігіп егін салып, отырықшылыққа бейімделе бастаған, негізінен бидай мен тары өсірумен шұғылданған. XIX–XX ғ. басында диқаншы қазақ ауылдары көріне бастаған, олар бау-бақша өсірген. Мұндай диқан-бақшашы қыстақ ауылдар оңтүстік Қазақстанда болған.

*Рухани жағынан* ауыл дербес, көшпелі мектеп, жалдамалы молда ұстаған. Ауылда кілем, алаша, бау-басқұр, шекпен тоқитын, зергерлік-ұсталық ететін ұсақ қолөнершілер болған. Бұл дәстүрлі ұлттық өнер мен мәдениеттің тоғысқан жері. Ауылдың ішкі және сыртқы жағдайы қоғаммен бірге дамып отырған.

Негізгі мақсат кеңес жылдарындағы қазақ ауылдарының ішкі мазмұны мен қоршаған қоғамдағы орнын зерттеу болғандықтан, бұрынғы дәстүрлі қазақ ауылының сипаты қалай және қаншалықты өзгергенін салыстыру үшін маңызды. Кеңестік саясатпен жаңа елді мекендер салып, халықты орналастырып, сол мекенді көркейту мақсатты түрде іске асты.

Қазақстанда ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру 1929 жылдың соңында басталды. Көшпелі қазақ ауылының ерекшелігі ескеріліп жаппай отырықшы мекенге айналдыру жоспарлы түрде жүргізілді.

Дәстүрлі қазақ ауылдары аз дегенде 5–10 көбі 20 түтіннен шашырап орналасса, кеңес саясаты шаруашылық шараларды іске асыруы үшін ірі елді мекендерді ұйымдастыруды қолға алды. XX ғ. 30–жылдарында тығыз шоғырланған отырықшы қазақ ауылдары пайда болды.

1940 жылға дейін республикада 7296 колхоз, 192 совхоз, 307 МТС ұйымдасты. Жаңа ауыл егін өсіруге қолайлы жерлерге орналасты, онда іріленген елді мекендерде 100 және одан да көп үйлер салынып, жаңа ұйымдасқан елді мекендер өнеркәсіп, көлік, мәдени құрылыстар жүйесімен қатамасыз етілді. Облыстық, аудандық әкімшілік орталықтары мен совхоз, колхоздардың экономикалық қарым-қатынасы күшейді, елді мекендер арасындағы қатынас жолдар салынып, телеграф, телефон, радио байланысы жақсарды, электр қуатымен қамтамасыз етілді. Ірі өзен мен көлдер, жасанды су қойнаулары алқабында өндірістік поселкелер пайда болды. Шардара, Бұқтырма, Қапшағай су қоймалары іске қосылып, Ертіс–Қарағанды каналы алқабында суармалы егіншіліктің дамуына байланысты жаңа совхоз, колхоз, орталықтары салынды. Қазақ темір жолдары мен ұзындығы 1500 км созылған Өзен–Гурьев–Куйбышев мұнай құбыры бойларында көптеген өндірістік жұмысшы поселкелері, т.ж. станциялары, разъездер пайда болды. Каспий, Арал теңізі, Балқаш, Зайсан, Алакөл көлдері жағалауларында балық колхоздары, жұмысшы поселкелері ұйымдастырылды. Қазақстанның солтүстігінде, атап айтқанда Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Павлодар, Целиноград облыстарында, тың жерлерді игеруге байланысты 584 ірі жаңа совхоз ұйымдастырылды. 1971 жылдың 1 қаңтарындағы дерек бойынша, Қазақстанда 191 аудан, 178 поселкелік совет, 1923 ауыл-селолық кеңес, оларға қарайтын 1609 совхоз, 424 колхоз, олардың жеті мыңдай бөлімшесі, ферма бригадалары болған. Ауылдық жерлерде барлығы 6627 мың (1970 ж. қаңтар) халық тұрды. Қазақ жеріндегі бұрынғы ауылдар рулық, аталастық, туыстық жағынан құралса, бұл ауылдарда көп ұлттың өкілі мекен етті [4; 582]. Дегенмен, қазақтар бөлігі өз туыстарымен ықшамдасып, бір-біріне жақын немесе бір ауыл ішінде тұрақтады.

Кеңестік ауылдар бірнеше формалар мен типтерге бөлініп көрсетілген, мысалы: Солтүстік далалық аудандарда ауыл өзен, көл жағалауларында, кейде су айырықтарына орналасқан. Бұл ауылдар — жаңа астық поселкелері. Ірі селолардың төңірегінде бөлімшелер мен бригадалардың шағын мекендері қоныстанған. Олардың арасында фермалар мен егінші қостары бар. Қазақстанның оңтүстік пен оңтүстік-шығыс аудандарында өзен аңғарлары мен су жайылатын жигендегі көк желекті жерлерге орналасқан елді мекендердің шеті шөл даламен шектескен. Тау етегіндегі суармалы егіншілік дамыған аудандардың поселкелері өзендер мен каналдар бойында шоғырланған. Тау ішінде маусымдық ұсақ елді мекендерде (омарта, жайылым мекендер, орман күзетшісі) болды. Қазақстанның орталық және батыс шөлейт аудандарында бірінен-бірі шалғай орналасқан ұсақ елді мекендер тобы басым болды. Алтай тауының етегі мен қойнауына орналасқан селолар тым үлкен елді мекенді құрады. Сондай-ақ Каспий, Арал теңіздері, Балқаш, Алакөл жағалауларында, аралдарында және оларға құятын өзендердің сағасында балық аулайтын колхоздар мен балық зауыттарының ірі поселкелері қызмет етті.

XX ғасырдың басына дейінгі кезеңде қазақ жеріндегі көшпелі ел мен отырықшы халық мекендерінің типінде үлкен айырмашылық болды. Кейін республика елді мекендерінің түрі оның шаруашылық қызметіне байланысты, ауыл елді пункттері мынадай түрлерге бөлінді: 1) совхоздар мен мемлекеттік ауыл шаруашылығы орындардың орталық усадьбалары мен бөлімшелері; 2) колхоздардың орталық усадьбалары мен бригадалары; 3) әкімшілік аудандардың орталық поселкелері; 4) маусымдық мекендері, фермалар, қоныстар, жайылым учаскелері, омарта т.б.; 5) ауыл шаруашылығына қатысы жоқ ұсақ т.ж. станциялары, разъездер, рудниктер жаныдағы елді мекендер [4; 582]. Революцияға дейінгі қазақ ауылдарының тіршілігі көбіне мал өсіру төңірегінде болса, кейін әр өңірдің табиғи ерекшеліктері ескерілген, әрбір облыс, аудан ауыл шаруашылығы саласы мамандандырылған. Мысалы, сулы өңір: Зайсан, Алакөл, Балқаш көлдерінің алқаптарындағы, Бұқтырма, Күршім, Нарын, Ертіс, Жайық, Есіл, Нұра, Арыс өзендері сағаларындағы елді мекендердің кәсібі сан алуан: мал бағу, егін салу, бау-бақша өсіру, балық аулау, орман шаруашылығы. Ал, Алтай мен Нарында марал, омырта өсіру, Іле мен Сырдария, Қаратал бойында күріш егу, Арыс, Келес өзендері жағалауларында мақта, жүзім, жеміс-жидек, Шу, Талас, Ақсу, Тентек өзендері суымен қызылша өсіру дамыған. Кеңестік ауыл дәстүрлі көшпелі қазақ ауылынан өзгеше құрылғанмен де, дегенмен мал өсіруші совхоздар мен колхоздарда жартылай көшпелі ауыл бейнесі сақталды. Яғни малдың қажеттілігін ескеріп, қыста қыстауда, көктем, жаз, күз айларында мал өрісін алмастыру үшін көшкен. Көшу үдерісі мен тұрмыс мәдениеті бұрынғы заманмен салыстырғанда жаңартылған, біршама механикаландырылған. Көштің өзі машинамен атқарылды, қауғалы құдық орнына

механикаландырылған құдық қойылды. Сондай-ақ малшылардың мал бағу еңбегі біршама жеңілдетілді. Малшылар қыс уақытында совхоз, колхоз орталықтарынан алыс шоғарланғанмен, ауыл басындағы мектеп, клуб, аурухана, дүкен, монша толығымен тұрмыстық қызмет көрсету мақсатымен салынды. Яғни, қызметтік орындар малшы отбасыларының қажеттілігін өкімет талабымен бірінші орында ескерді. Жалпы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің басым көпшілігі колхоз, совхоз орталықтарында тұрды. Кеңес өкіметінің саясатымен жаңа көшелер ашылып, бірнеше бөлмелі үйлер тұрғызылды. Кеңестік экономикалық саясаттың ауыл шаруашылығының дамуына негізгі көңілді бөлуі өкімет тарапынан қолға алынғанын КПСС 24-съезіндегі Л.И.Брежневтің баяндамасында: «Ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерінің өсуі, ауыл шаруашылығы еңбегінің бірте-бірте индустриялық еңбектің бір түріне айналуы, деревня мәдениетінің өрге басуы және село тұрмысының қайтадан құрылуы — осының бәрі шаруаның әлеуметтік қабілеті мен психологиясын өзгертуге бастап отыр. Шаруаның бойында жұмысшыға ұқсас қасиеттер барған сайын көбірек пайда болуды. Еңбегі машиналармен және механизмдермен тікелей байланысты колхозшылардың саны көбеюде, колхозшы шаруалардың білімі арыта түсуде» [4; 583] деп сипатталған.

Жоғарыда айтып кеткендей, ауыл елді мекендерін тұрғындарының айналысатын кәсібіне қарай бірнеше топқа бөлуге болатын:

1. Тұрғындары ауыл шаруашылығымен шұғылданатын ауыл шаруашылығы мекендері.

2. Ауыл шаруашылығына қатысы жоқ мекендер. Темір жол станциялары, разъездер, орман шаруашылығы мен жеке кәсіпорындар маңындағы пункттер, дачалар, кішігірім курорт поселкелері.

3. Жартылай ауыл шаруашылығында қалғаны халық шаруашылығының басқа салаларында жұмыс істейтін аралас түрдегі ауылдық мекендер (негізінен аудан орталықтары қарады). Сонымен қатар егіншілік аудандарда — дала қосы, алыс мал жайылымдарында қыстау мен жайлау және балық кәсібімен шұғылданатын, яғни маусымдық мекендер де қызмет етті.

Ауыл тіршілігі көбіне мал өсіру төңірегінде болса, Кеңес үкіметі өңірдің табиғи ерекшеліктерін ескеріп, әрбір облыс, аудан, ауыл шаруашылығының әр саласын мамандандырды әрі техникаландырды.

Ауыл шаруашылығын аудандастыру нәтижесінде Қазақстан жерінің табиғи-климаттық жағдайы ескеріліп, табиғи-шаруашылық аймақ деп аталатын, алты ірі аудан белгіленді, олар:

– *далалық-егіншілік аймақ* — Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облысы, Қостанай, Целиноград, Павлодар облысының кейбір солтүстік аудандары. Негізінен астық өндіреді, сиыр өсіру (сүт, ет өнімдерімен байланысты). Шаруашылықтың қосалқы түрі — қой, құс және т.б. өсіру;

– *қуаң далалық егіншілік және мал өсіретін аймақ* — Орал, Ақтөбе, Павлодар, Семей облыстарының солтүстік және Целиноград облыстарының оңтүстік аудандары. Негізінен астық өндіру және қой мен сиыр (ет, сүт өнімдерімен байланысты) өсіру, қосалқы шаруашылықтың түрлерімен айналысу;

– *шөлейттегі мал өсіретін аймақ* — Орал, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды және Семей облыстарының оңтүстік аудандары. Қой, сиыр, жылқы өсіру, ет өнімдерімен байланысты. Егіншілік — қосалқы кәсіп, негізінен малға жемшөп дайындау;

– *шөлдегі мал өсіретін аймақ* — Гурьев, Қызылорда облыстары, Ақтөбе облысының Байғанин, Шалқар аудандары, Шымкент облысының Созақ ауданы, Жамбыл облысының Сарысу, Талас, аудандары, Алматы облысының Балқаш ауданы. Ет өнімін алу үшін қой, сиыр, жылқы өсіру, елтері үшін қаракөл қойын өсіру. Суармалы егіншілікпен шұғылданып күріш және жемшөп дақылдарын егуі;

– *Тянь-Шаньның таулы және тау бөктеріндегі аймақ* — Алматы, Талдықорған, Жамбыл, Шымкент облыстары, Семей облысының таулы аудандары. Табиғи жағдайының өзгешелігіне және ірі қалалар мен кәсіпорындардың дамуына байланысты мұнда ауыл шаруашылық әр түрлі бағытта дамыды. Басқа аудандардан ерекшелігі — техникалық (мақта, қант, қызылша, темекі) дақылдар мен көкөністер, жеміс өсіру дамыды. Ірі қалалар мен кәсіпорындардың маңында сиыр, қой өсіру дамыды; құс фабрикалары болды;

– *Алтайдың таулы және тау бөліктеріндегі аймақ* — Шығыс Қазақстан облысы жатты, мал және егін шаруашылығы бірдей дамыды, оңтүстігінде мал шаруашылығы жақсы дамыды.

Кеңес жылдары колхоз, совхоз санын көбейту төңірегінде атқарылған шаралар бірқатар заңдармен бекітіліп, біршамасының мазмұнында ауыл тұрғындарының күнделікті өмірі ескерілген. Мысалы, 1969 жылғы үлгі жобаның кейбір бөлімдері ауыл тұрғынының жағдайымен байланыстырылып құрылған, яғни колхоздың мақсаты мен міндетінен бастап: колхозға мүше болу,

тұрғындардың құқы мен міндеттері; жер және оны пайдалану; колхоздың қоғамдық меншігі; колхоздың өндірістік шаруашылық және қаржы қызметі; еңбектің ұйымдастырылуы және ақы төлеу, еңбек тәртібі; колхоздың жалпы өнімі мен табысын бөлу; колхозшыларды әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет пен тұрмысты жасарту, колхоздың ұйымдары мен тексеру комиссиясы [4; 585]. Жарғы бөлімдері негізінде атқарылған іс-шаралар нәтижесінде сақталған құжаттар мен сол уақыттан осы заманға келіп жеткен кеңес адамының санасындағы ақпарат ауыл күнделігі тарихы үшін маңызды.

Жарғыда айтылған талаптарды жандандыру үшін ауыл тұрғындарының білімі мен мәдениетін көтеру және ауыл салаларына қажет мамандар мен кадрларды дайындап шығару және қызметке қосу 70-жж. байқалды. Мысалы, 1969 ж. ауыл шаруашылығы кадрын дайындайтын 6 институт: 1. Қазақ ауыл шаруашылығы институты. 2. Алматы зоотехникалық мал-дәргерлік институты. 3. Семей зоотехникалық мал дәргерлік институты. 4. Целиноград ауыл шаруашылығы институты, филиалы Қостанай қаласында ашылды. 5. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институты. 6. Жамбыл гидромелиорациялық институты қызмет етіп, нәтижесінде 34,2 мың студент білім алды. Сонымен қатар колхоздар мен совхоз басшы кадрлары білімін жетілдіру факультеті, яғни Ауыл шаруашылығы институты 1969–70 жж. 550 совхоз директоры және колхоз басшылары (председателі), 1,3 мың ауыл маманын дайындады. Институт жанында осы салаларды дамыту мақсатымен аспирантура қызмет етті. Сондай-ақ 34 техникум, оның жанында 28 ауыл шаруашылығы мектебі, әр түрлі кәсіптік маман дайындайтын бір жылдық 5 мектеп, механизатор дайындайтын 252 жергілікті кәсіби-техникалық училище [4; 590] қызмет етті. Мұндай мәліметтер кеңестік ауыл тұрғындары құрамының түбегейлі өзгергенін және күнделікті тұрмысының мәдени тұрғыдан көтерілгенін көрсетеді; кеңестік ауыл қазағының заман ағымына қарай қаншалықты өзгергенін анықтауды салыстыру жұмыстарын жандандыра түседі.

70–80 жж. ауыл тұрғындарының күнделікті шаруашылықта айналысқан жұмыстарының түрлерін «Ауыл шаруашылығы мекемелері жұмысшылары мен қызметкерлері кәсіподақтарының» Орталық Комитетімен келісе отырып, «КСРО Министрі кеңесінің еңбек және жалақы мәселесі жөніндегі мемлекеттік комитеті» бөлген үш топтан көреміз:

- өсімдік және мал шаруашылықтарында механикаландырылған жұмыстар;
- өсімдік шаруашылығында көлікпен және қолмен атқарылатын жұмыстар;
- мал шаруашылығына көлікпен және қолмен атқарылатын жұмыстар.

Бұл жұмыстардың сипатталынуына қарап, ауыл тұрғындарының күнделікті өмірде атқарған іс-әрекеттерін көруге болады. Мысалы, біріншілері жерді өңдеу, тыңайтқыштарды, тұқымды дайындау, шашу, себу, жер дақылдарын шабу және жинау және мал шаруашылығындағы жұмыстар жатады. Бұл жұмыс түрлері ауыр немесе жеңілдігіне, маман дәрежесінің болуына қарай, жұмысшының денсаулығына зиян етуіне, өндірістік технологиясындағы зияндығы ескеріліп 1–6 разрядқа бөлінген. Сонымен қатар егістік жерге тыңайтқышты трактормен шашу — 4, дәнді тазарту — 2, электрқырықтықпен қой қырку — 3, электр моторы бар тасымалмен дәнді үю — 1 разрядта саналған. Жалпы, аталған топта 229 жұмыс санап алынған, оның ішінде 6-ы — 1 разрядқа, 25-ы — 2, 36-ы — 3, 68-ы — 4, 82-ы — 5, 12-ы 6 разрядқа қараған. Екіншілеріне 1) көлікпен орындалатын жұмыс түріне: жерді өңдеу, тұқым себу, егістік өнімдер мен отырғызылған ағаштарды күту, егін шабу, көлік тасу және орман жұмыстары қараған; 2) қолмен орындалатын жұмыстарға: жалпы шаруашылық жұмыстар, тұқымды себу, тыңайтқышты шашуға дайындау, егістікті суару, күту, ору, жеміс ағаштарын отырғызу, күту, жинау және т.б. Мұнда 640 жұмыс саналып алынған, оның ішінде 79-ы — 1, 192-ы — 2, 205-і — 3, 119-ы — 4, 36-ы — 5, 9-ы 6 разрядты саналған. Үшіншісіне, мал төлін, үй құсын, қолда бағылатын қымбат тері аң, бал арасын күту, мал азығын дайындауға байланысты жұмыстар жатқан, оның ішінде сауыншының жұмысы — 5, сиырдың төлін бағу — 4, сақманшы — 3, мал шаруашылығына көмекші — 2, су жылыту 1 разрядқа қараған. Мұнда 150 түрі саналып алынған: 3-і — 1, 30-ы — 2, 48-і — 4, 30-ы — 5, 2-і 6 разрядқа қараған [4; 590]. Бір қызығы, көрсетілген жұмыс дәрежелерін көтеріп не түсіруге тиым салынған, мұндай жағдайды жоғарыда көрсетілген ұйым шешкен. Аталған ауыл шаруашылығы жұмыс топтары мен оның ішінде атқарылған түрлері Қазақстанның барлық географиялық аудандары қарастырылғанын көрсетеді; сонымен қатар 70–80-жж. ауыл тұрғындарының күнделікті тұрмысында атқарған жұмыс түрлері анықталып отыр. Аталған жұмыс басты-басты түрлеріне қарай маусымдарға бөлінген, сондықтан ауыл тұрғындарының жаз, қыс, көктем және күн айларында тиянақты түрде қандай кәсіппен негізінен шұғылданғанын және күнделікті тұрмысы қандай кестеден тұрғанын анықтауға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Тогжанов Г.* О казахском ауле. — Кызыл–Орда, 1927; *Казахский национальный аул.* — М., 1934.
- 2 *Турсынбаев А.* Казахский аул в трех революциях. — Алма-Ата: Казахстан, 1967.
- 3 *Канатин А.* Культура и быт казахского аула. — Алма-Ата, 1967.
- 4 *Қазақ совет энциклопедиясы* / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы, 1972 — 1-т.: А.Аяпов. Сурет және карталар мен коса. — 648 б.

А.Н.Муканова

**Казахский аул 70–80 годов XX в.: история повседневности**

Работа посвящена анализу повседневной жизни казахских аулов в 70–80-е годы XX в. Автор, опираясь на осмысление источниковедческого материала, предлагает собственное понимание проблемы повседневности казахских аулов. Таким образом, определяется актуальность темы, формируется цель и задачи исследования, обозначаются его территориальные и хронологические рамки, раскрывается методологическая основа статьи. В данной работе дается краткий анализ степени научной новизны темы, характеризуется источниковедческая база.

A.N.Mukanova

**Kazakh villages 70–80 years XX century: history of Everyday Life**

This paper analyzes the everyday life of Kazakh villages in the 70–80-ies of the twentieth century. The author, based on the comprehension of source-material offers its own understanding of the problems of everyday life of Kazakh villages. Thus, to determine the relevance of the topic, formed the purpose and objectives of the study are referred to its regional and chronological framework, reveals the methodological basis of the article. In this work, a brief analysis of the degree of scientific novelty of the subject, characterized by a source base.

References

- 1 *Togzhanov G.* *On Kazakh village*, Kyzyl–Orda, 1927; *Kazakh National village*, Moscow, 1934.
- 2 *Tursynbaev A.* *Kazakh village in Terhi revolutions*, Almaty: Kazakhstan, 1967.
- 3 *Kanapin A.* *Culture and life of the Kazakh village*, Almaty, 1967.
- 4 *Kazakh Soviet Encyclopedia*, edit. M.K.Karataev, Almaty, 1972, 1: A.Ayapov, 648 p.